

«Ақмола облысы білім басқармасының  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Бектау ауылының жалпы орта  
білім беретін мектебі» КММ директоры  
-----  
К.Ш Тулебаев

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Бектау ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ –де 2023-2024 оқу жылында 298 оқушы оқиды. Бұл 24 сынып жиынтығы. Жыл соңында 292 оқушы қалды. 6 оқушы басқа мектептерге ауысып кетті. Психологиялық Психологтың қызметі Білім туралы Заңға және педагог-психологтардың кәсіби қызметінің әдістемелік ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылды.

**Білім беру ұйымындағы психологиялық қызметтің жай күйін талдау.**

<b>Педагог-психологтың аты –жөні</b>	<b>Мүгән Бұлбұл</b>
Білім беру ұйымдарындағы штат бірліктерінің саны	0,5 ставка
Білімі	2018 жылы Көкше Академиясында педагог-психолог мамандығын бітірдім
Жалпы жұмыс өтілі	20 жыл 16 ай
Психолог лауазымында	15 жыл 16 ай
Санаты	сарапшы
Біліктілікті арттыру курстары (өту күні , орыны, ұйым атауы сағат саны )	1.2023 жылы 24 сәуір -05 мамыр аралығында «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы әзірлеген «Білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықтың алдын- алу» офлайн курсы 1 2.5.09. 2023 «Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми – әдістемелік негіздері» атты онлайн курсынан өттім. Сағат саны -80 3. «Мектеп жасындағы балалардың «4 К» дағдысын дамыту және диагностикалау әдістемесі» «(қабілет) қызметі» курсына екі күндік семинарға қатыстым. 4. 27.05-31.05.24 ж «Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі» онлайн курсқа қатысып жатырмын
Байланыс деректері	Тел : 87753484157

**Педагог-психологтың жұмысы 2023-2024 жылындағы жұмысы бекітілген жылдық жоспарға сай жүргізілді.**

**Мақсатты:** Білім беру процесінде барлық қатысушылардың оқытудың әр түрлі кезеңдерінде психологиялық сүйемелдеу, оқушылардың үйлесімді психикалық және жеке дамуына ықпал ету.

**Міндеттері:** 1) бейімделу кезеңінде оқушыларға психологиялық –педагогикалық қолдау көрсету, мектептегі дезадаптацияның алдын алу;



**Мақсатты:** Білім беру процесінде барлық қатысушылардың оқытудың әр түрлі кезеңдерінде психологиялық сүйемелдеу, оқушылардың үйлесімді психикалық және жеке дамуына ықпал ету.

**Міндеттері:** 1) бейімделу кезеңінде оқушыларға психологиялық –педагогикалық қолдау көрсету, мектептегі дезадаптацияның алдын алу;

2) Оқушылардың жеке даму проблемаларының туындауының алдын алу және оларды шешуге көмектесу (білім беру және кәсіптік бағытты таңдау проблемалары, құрдастарымен, мұғалімдермен, ата-аналармен қарым –қатынас мәселелері.);

3) Оқушылардағы дағдарыстық жағдайлардың алдын алу және анықтау; 4) Оқушылардың, ата –аналар мен педагогтардың психологиялық мәдениетін арттыру;

Осы мақсаттар мен міндеттері іске асыру жұмыстың мынандай бағыттары бойынша жүзеге асырылады: психологиялық зерттеу, түзету-дамыту жұмысы, психологиялық кеңес беру, психологиялық ағарту және алдын алу, ұйымдастыру әдістемелік жұмыс.

**Қызмет бағыттары бойынша мектептің практикалық психология қызметінің қызметін талдау**

Білім берудің практикалық психологиялық қызметінің қызмет бағыттарымен жұмыс түрлері

### **Оқу іс-әрекетін психологиялық сүйемелдеу.**

Әрбір білім алушының табысты оқуы мен дамуына ықпал ететін жағдайлар жасау бойынша жұмыстар жүргізілді. Жұмыс Білім беру процесінің барлық қатысушыларымен (оқушылармен, ата-аналармен, педагогтармен) жүргізілді. Сүйемелдеу бағдарламаларына жеке, реттеуші, танымдық және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру бойынша жаттығулар мен тапсырмалар енгізілді. Нәтижелерді бақылау мақсатында осы дағдыларға диагностикалық зерттеулер жүргізілді.

Оқу іс-әрекетін сүйемелдеу мақсатына жету үшін келесі міндеттер шешілді:

1. Білім алушылардың, ата-аналардың, педагогтардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениетін) дамыту.

2. Негізгі мектеп жағдайында оқушыларды сүйемелдеу:

- оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу;

- әлеуметтену мәселелерін шешуге көмектесу: оқу қиындықтары, білім беру және кәсіби бағытты таңдау мәселелері;

- бейін алдындағы дайындық және кәсіби бағдар;

- "тәуекел тобындағы" балаларды сүйемелдеу;

Педагог-психологтың жұмысы профилактикалық, диагностикалық, консультациялық, түзету-дамыту, ағартушылық-Білім беру, кәсіптік бағдарлау (бейін алдындағы дайындық және бейіндік оқыту) бағыттары бойынша жүргізілді.

### **Оқушылармен жұмыс**

- Оқушылардың бойында физикалық, психологиялық және әлеуметтік денсаулықты сақтауды және нығайтуды, реттеуші, коммуникативтік, танымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруға жәрдемдесуді қамтамасыз ететін білімдерін, көзқарастарын, тұлғалық бағдарлары мен мінез-құлық нормаларын қалыптастыру мақсатында оқушылармен профилактикалық жұмыс;

- Агрессивті және аутоагрессивті мінез-құлыққа бейім бейімделу бұзылыстары бар тәуекел тобындағы оқушыларды (мониторинг және диагностика әдісімен) анықтау;

- Жеке немесе топтық түзету-дамыту жұмысын ұйымдастыру, оның ішінде дарынды оқушыларды, БЖТ-да тұратын оқушыларды, қамқорлықтағы бір оқушыны, ОР және мүгедектігі бар оқушыларды сүйемелдеу;



- Оқушылармен эмоционалды-ерікті саланы, коммуникативті және реттеуші дағдыларды дамыту, оқу процесіне мотивацияны қалыптастыру бойынша психологиялық сабақтар өткізу;

- Оқушыларға кеңес беру (мәселелерді шешуге көмектесу);
- Кәсіптік бағдар беру жұмысы, оқушыларды кәсіптік бағдар беру бойынша топтық сабақтар өткізу (тренингтер, іскерлік ойындар, кәсіптік сынағалар).

#### **Педагоғтармен жұмыс:**

- Мұғалімдермен профилактикалық жұмыс, олардың оқушылармен, ата-аналармен және әріптестермен өзара әрекеттесу процесінде психологиялық қолдау көрсету.
- Сабақтар, дәрістер өткізу, жадынамалар мен брошюралар құралдары бойынша ақпараттандыру.

#### **Ата-аналармен жұмыс.**

- Ата-аналарға кеңес беру;
- Ата-аналарды балалармен өзара әрекеттесу процесінде отбасында тиімді, дамытушылық мінез-құлықты дамытуға ықпал ететін білім мен дағдылармен қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен профилактикалық жұмыс;
- Жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды табысты тәрбиелеу үшін ата-аналарға әңгімелер жүргізу, ұсынымдар (жадынамалар, буклеттер) жасау.

Оқытудың жаңа кезеңінде жаңа білім деңгейіне көшуді және бейімделуді психологиялық сүйемелдеу.

**Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға дайындығын диагностикалау.**

Мақсаты: мектепке дайын емес немесе дайындық деңгейі төмен балаларды анықтау:

Бейімделу 1 сынып

Мектепте оқуды бастау тек оқу ғана емес, жаңа таныстар мен тәжірибелер. Бұл жаңа орта және балаларға арналған физикалық, психикалық, эмоционалдық жүктемелерді қамтитын жаңа қызмет жағдайларына бейімделу қажеттілігі. Жаңа ортаға үйрену үшін балаға уақыт қажет-бұл екі апта немесе тіпті бір ай емес. Мамандар мектепке алғашқы бейімделу 2 айдан алты айға дейін созылатынын атап өтті. Сонымен қатар, жалпы рецептер болуы мүмкін емес, бейімделу ұзақ және жеке процесс және көбіне осыларға байланысты:

- баланың жеке ерекшеліктері;
- мектепке дайындық дәрежелері (тек интеллектуалды ғана емес, сонымен қатар психологиялық және физикалық);
- кішкентай баланың әлеуметтенуі жеткілікті ме, оның ынтымақтастық дағдылары дамыған ба, балабақшаға барған ба.

**Мектепке сәтті бейімделудің белгілері.** Бала көңілді, сабырлы, сыныптастарының арасынан достарын тез табады, мұғалімдер мен құрдастар туралы жақсы сөйлейді, үй тапсырмасын еш қиындықсыз орындайды, мектеп өмірінің ережелерін оңай қабылдайды, оған жаңа күн режимі ыңғайлы (таңертең жыламайды, кешке қалыпты ұйықтайды және т.б.). Баланың құрдастары мен мұғалімдері туралы қорқынышы жоқ, ол мұғалімнің ескертулеріне барабар жауап береді.

**Дезадаптация белгілері.** Сіз баланы жиі шаршағанын көресіз, ол кешке ұйықтай алмайды және таңертең оянуға қиналады. Бала сыныптастарына, мұғалімнің талаптарына шағымданады. Оған мектеп талаптарына сай болу қиын, ол іштей қарсылық көрсетеді, ашуланшақ, ренжіді. Әдетте мұндай балалар оқу іс-әрекетінде қиындықтарға тап болады.



Тек бірінші жартыжылдықтың соңында мұғалімнің, психологтың, ата-аналардың көмегімен олар мектеп ортасына бейімделеді.

**1. 1 сыныпта 21 оқушы .** Мектебімізде 2022-2023 оқу жылында 1 «а» сыныбында 21 оқушы бар. Оқушылар мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. 1 сынып оқушылары 100% ыстық тамақпен қамтылған.

Сынып жетекшілерінің сынып оқушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен келеді, Сынып жетекшісі оқушылармен жеке, топпен, жалпылама жұмыс жасайды.

Сынып жетешілері сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасауда, оқушылар денсаулығын сақтау мақсатында күнде ертеңгілік жаттығу, сабақ барысында кемінде екі рет сергіту жаттығулары жүргізіледі. Диагностика жұмыстары бойынша мектептің Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау үшін Керн-Йерасек тесті алынды. Онда оқушылар «Ер адам суретін салу», «Сөздер көшірмелері», «Нүктелер көшірмесі» және Отбасы суретін салды. Менің отбасым» суретті тестінің қорытындысы бойынша бірінші сынып оқушыларының отбасындағы жағдайлары жақсы, эгоцентризм және мазасыздану деңгейі орташа екендігін анықталды.

### **5-сыныпты бейімдеу:**

#### **5-сыныпқа көшу кезіндегі үлгермеу себептері:**

**Физиологиялық өзгерістер.** Орта мектепке ауысу баланың денесінде физиологиялық өзгерістердің басталуымен сәйкес келуі мүмкін. Бала өсе бастайды, жылайды, үнемі ұйықтағысы келеді. Бұл құбылыстардың салдары-алаңдаушылық, есте сақтау қабілетінің төмендеуі, назар аудару. Әрине, мұндай жағдайда балаға бейімделу үшін көп уақыт қажет.

**Өзіне деген сенімсіздік.** Бір күні қалыптасып, өзіне деген сенімсіздік, оның қабілеттері баламен сыныптан сыныпқа "ауысады". Бала алдын-ала ештеңе шықпайды деп санайды, тіпті тырысуға батылы бармайды. Өзіне деген сенімсіздіктің себебі мазасыздықтың жоғарылауы, жақындарының қысымы, олардың шамадан тыс талапшылдығы, үміттерді ақтамаудан қорқуы болуы мүмкін. Өзіне деген сенімсіздік әсіресе өтпелі жаста көрінуі мүмкін. Бала өзіне және оның жетістіктеріне, сыртқы келбетіне және бір нәрсеге қол жеткізу қабілетіне сын көзбен қарай бастайды. Көптеген жасөспірімдерде өзін-өзі бағалаудың күрт төмендеуі байқалады. Балаға осы қиындықтарды жеңуге көмектесу, олардың себептерін түсіну арқылы ғана табысты және сауатты сезінуге болады.

**Жеке мәселелер.** Оқыту сапасының күрт нашарлауы баланың жеке мәселелерімен байланысты болуы мүмкін: досымен ұрысып, ғашық болды, отбасындағы проблемалар және т.б. баланы не мазалайтынын білу оның сәтсіздігіне шыдамдылық пен түсіністікпен қарауға көмектеседі. Кейде біраз уақыт күту жеткілікті, бәрі ойға оралады, ал кейде маман — психологтың қолдауы мен көмегі қажет және т. б.

**Қабілеттердің болмауы.** Керісінше, бұл баланың ата-анасы күткен керемет қабілеттерінің болмауы туралы. Бірақ бесінші сыныпта жаңа пәндер пайда болады және баланың өзін жаңа салаларда көрсетуге мүмкіндігі бар.

**Қызығушылықтың болмауы.** Өте жиі кездесетін құбылыс — бала жақсы оқымайды, өйткені ол қызықтырмайды. Себептер әр түрлі болуы мүмкін: үнемі сәтсіздіктер, мұғаліммен немесе құрдастарымен нашар қарым-қатынас, жеке мәселелер. Кейде бала оқуға қызығушылық танытпайтынын айтады, өйткені олар мектепте оқығандары оның өмірінде қалай пайдалы болатынын түсінбейді.

5 сыныптың бейімделуі «Баспалдақ әдістемесі» бойынша баланың өзін-өзі бағалау деңгейін жоғары оқушылар қатары көп екендігі анықталды. 5 сынып оқушыларымен



«Мектепке қарым-қатынасын анықтау» сауалнамасы алынды. Зерттеу жұмысына 21 оқушы қатысты. Оқушылардың мектепке қарым-қатынасы орташа деңгейді көрсетті. 5,11 сынып оқушыларынан мектептегі мазасыздықты анықтау мақсатында Филипстің «Мектептегі мазасыздық» тесті жүргізілді. Тестке 31 оқушы қатысты. Мектептегі жалпы мазасыздық орташа деңгейді көрсетті. Қазан, қараша айында бейімделу деңгейі 5 сынып орта буын, 10 сынып жоғарғы буын, 1 сынып кіші буынға бейімделуі қалай жүріп жатқанын анықтау мақсатында сабақтарға қатыстым.

**Сабаққа қатысу.**

5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі орта деңгейде өтті. 5 сыныпта бір оқушының денсаулығына байланысты кейде шаршаңқы отырады. Бірақ сабаққа қатысуы бағдарламаны игеруі орташа деңгейде. Ұлдар өте қозғалысты көп сөйлейді және қыздар арасында басында жиі жанжалдар болды. Орыс сыныбы мен қазақ 5 сынып оқушылар арасында да жиі жанжалдар болды. Оралдың ата-аналарымен мектепке шықырып жалпы жеке жұмыстар жүргізілді. Және сыныпқа сынып белсенділігін арттыру тренинг өткізілді. 2 сыныпта 1 оқушы мүмкіндігі шектеулі болғандықтан жүріп тұруы қиын. Ол балаға биыл педогог асисент ретінде жеке жұмыс жүргізілді. Және оқушымен жеке түзету – дамыту жұмыстары өткізілді.

**Бақылау.** Бесінші сынып оқушыларының бақылаулары көрсеткендей, барлық балалар ұжымға тез еніп, мектепте ұжымға тез бейімделді.

**Алдын-алу жұмыстары** - 1 сынып оқушыларын «Мектеп өмірімен таныстыру» мақсатында мектептегі ережелермен және мектептегі кітапхана мен музейге, асханаға саяхат жасалды.

**Түзету жұмыстары** - 5,1 сынып оқушыларымен «Менің сыныбым» атты түзету дамыту сабақтары жүргізілді. Қыркүйек айында 1,3,5,6,9 сыныптарға қазан айында 2,7,8,10,11 сыныптарға сынып сағаты өткізілді

**Кеңес беру** - 1,5 сынып оқушыларының сынып жетекшілерімен оқушылардың мектептегі жалпы бейімделуі туралы кеңестер берілді.

**Топтық психодиагностика бойынша: Қазан айында.** 5 сынып оқушыларымен «Менің сыныбым» тестісі алынды. Қортынды нәтиже орта буынға бейімделуі қатағаттанарлық деңгейде. Автодеструкцияның алдын алу мінез-құлық және тұрмыстық зорлық-зомбылық «Баспалдақ» әдісі Щур В.Г, «Социометрия» әдістері бойынша 8-11 сыныпқа зерттеу жұмыстары өткізілді. Зерттеу нәтижесі бойынша жалпы оқушылардың қарым-қатынасы, өзін-өзі бағалауы деңгейі жақсы.

**Кеңес беру** - 5 сынып ата-аналармен «Мектептегі түзетудің себептері» атты жиналыс өтті. Онда ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қандай өзгерістер болатындығы жөнінде кеңестер берілді. 5-сыныптың бейімделуі қалыпты жағдайда өтті.

**Ағартушылық жұмыс** Оқу жылының барысында қазан айында мектепшілік жалпы ата-аналар жианласы өткізілді. Жиналыста жасөспірімдермен кәмелетке толмағандар арасындағы оқушыларды қауіп –қатерден сақтау, түнгі уақытта оқушыларды көшеге көп жібермеу бақылауға алу, оқушылардың бейімделуі туралы ақпараттар берілді. Жиналысқа ТІЖО, ОІЖО қатысып өздерінің жұмыстары туралы айтып өтті. Жиналыс соңында Айман Темірхановна екеміз тренинг өткізілдік.

**1, 5, 10 - сыныптарының бейімделу көрсеткіші**

№	Сыныптар	Оқушы саны	Қатысқан	Жоғары	%	Орташа	%	Төмен	%
---	----------	------------	----------	--------	---	--------	---	-------	---



1.	1 «А»	21	18	5	58.	9	42	2	-
3.	5 «А»	21	19	8	75	6	25	-	-
5.	10 «А»	2	2	2	100	0	0	-	-

**Қараша айында** . Оқушыларының жеке эмоционалық жағдайын, агрессия деңгейін зерттеу, бақылау мақсатында «Жауарлар мектебі» әдістемесі 2-4 сыныптарға өткізілді . Мақасты: Бұл әдістеме мектеп невроты дамуының алғашқы сатысын, себебін және түзету жұмысын анықтауға мүмкіндік береді. Жаксы атмосфера және бағалау пікірінің жоқтығы баланың еш кедергісіз сурет салуына жағдай туғызады. Сонымен бірге, сурет салу бастауыш сынып оқушыларына қызықты және дағдылы. Суретті талдауда оқу әрекеті үрдісіндегі оқушыда кездескен қиындықтарды көруге болады . Зерттелу нәтижесінде 4 оқушыда сурет аяқталмаған, жануарлар боялмаған , мұғалім мен оқушы арасындағы айырмашылық нақты емес екені анықталды. 6 оқушы мұғалімді салмаған. 2 оқушыда барлық жануарлар өшіргішпен өшіріліп, қайтадан салынған. Қарындашпен қатты бастырылып салынған. Қағаз бүлінген. Бұл суретті балаларда мектеппен байланысты мазасыздық бар екені анықталып, жағдайды түсіну үшін баламен қосымша жұмыстар жүргізілді. 2 оқушыда ішкі агрессияның бар , яғни жануарлардың құлақтары мен мүйіздерін үшкір бұрыштармен бейнеленген.

**Алдын алу және ағартушылық жұмыстар-** 7-9 сыныптар арасында «Зорлық – зомбылықсыз өмір », «Жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу» тақырыбынды сауалнама, тренинг, әңгіме әдістері өткізді. **Мақсаты:** Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы түсініктерін кеңейту. Отбасындағы қарым-қатынастары мен міндеттерді ажырата білу. Жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу . «Кибербулинг туралы әңгімелесейік» 8-10 сынып оқушыларымен кездесудің негізгі тақырыбы бойынша булинг ұғымына анықтама берілді. Оқушыларға сұрақтар қойылды. Дәріс сабақтың соңында шаршағанда жасауға болатын бірнеше жаттығуларды жасап көрсеттім. Оқушылар қайталады. «Өмірге ИӘ деп айт» алдын -алу іс –шарасы 8 сыныпқа өткізілді. Сабағымызды «Лимон» жаттығуымен қорытындыладық.. 1,4,2,3,11 сыныптарға сынып сағаты өткізілді.

**Кеңес беру** Оқушылармен жеке қарым-қатынас мәселелері, құрдастарымен және ата-аналарымен, сондай-ақ мұғалімдермен қарым-қатынастағы мәселелер бойынша кеңестер.

**Желтоқсан айында Топтық психодиагностика бойынша:** «Аяқталмаған сөйлемдер» проективтік әдістемесі 6,7 сыныптарға өткізілді. 5,6,7,8,,9, сыныптарға сынып сағаттары өткізілді. Оқушылармен жеке қарым-қатынас мәселелері, құрдастарымен және ата-аналарымен, сондай-ақ мұғалімдермен қарым-қатынастағы мәселелер бойынша кеңестер өткізілді.

Ауа райының қолайсыздығына байланысты кейбір жұмыстар өткізілмеді. Қаңтар айында қосымша жұмыстар жүргізіледі. Психологиялық апталықты осы қаңтар айының басында өткізуді жоспарлап отырмыз.

Психолог Мүтән Бұлбұл



2024 ж